

ҚАЛАНЫҢ ЖАҢА КЕЛБЕТІ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Инвесторлардың өкілдері келіп медициналық орталықтың сырт жағынан орын төбегін болашақ ықшам аудан аумағын көріп, өз ұсыныстарын ортаға салып кетті...

Қаланың ескі бөлігін жаңарту бағыты да бас жоспарда қамтылған. Қаланың Абай, Байқоңыров, Шевченко, Аманжолов, Холмешкий көшелеріндегі тозығы жеткен және апаттық жағдайдағы екі қабаты тұрғын үйлерді бұзып, сырып тастау қарастырылған...

Ескі үйлердің тұрғындарын көшіріп, қала көркіне нұқсан келтіріп тұрған тоғыздандырып бұзу жөніндегі жұмыстар биыл басталды. Мәселен, бүгінгі күні Шевченко көшесіндегі 17-үйді бұзу жұмыстары аяқталды. Оның орнына бес қабатты 15 пәтерлік тұрғын үй салу жоспарлануда...

Еңсені басар ескі үйлерден арылып, келбеті келісті жаңа үйлерде тұрып, абадандалғанын көрікті көшелерде сөйлеп жүрген жанның көңіл-күйі де бөлек болары анық.

Амандық РАХУ.ЛЫ Суреттерде: Батыс аймақтық және мұқиял аудан әкімі және Шевченко көшесінде осындай үйлер бой көтереді.

ЖОЛДАУЫ 2020 Жезқазған қаласы әкімінің бастамасымен жергілікті өзін-өзі басқарудың аумақтық кеңестері құрылды.

Қаланың әр аумағына жеке-жеке бекітілген 8 кеңес – қала мәслихатының шешімі негізінде құрылған әкімдік жанындағы консультативтік-кеңесші орган.

ҚАЛА ШАРУАШЫЛЫҒЫ

КӨГАЛДАНДЫРУҒА КӨҢІЛ БӨЛІНБЕК

Жезқазғанның көркі арттыру мақсатында биыл абаттандыру және көгалдандыру бағдарламасы бойынша 520 млн теңге бөлінді.

Осы бағдарлама шеңберінде жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алудың 23 конкурсы жарияланды. Бүгінде 13 конкурсе бойынша жеңімпаз мердігер анықталса, 5 жоба бойынша конкурстық рәсімдер әлі де жалғасуда.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУ – БОЛАШАҚТЫ ОЙЛАУ

Ілгері дамудың негізгі қозғалыс күші саналатын жастарға мемлекет тарапынан әлеуметтік қолдау көрсету – қазір кезеңіміздің өзінше. Бүгінгі таңда өр жеңіс пен бойжеткенді алаңдатпатын басты жетістіктер бізді қолдайды.

«Жастар практикасы» бағдарламасы – бүгінде жұмыс іздеушілер арасында аса танымалдыққа ие атаулардың бірі. «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының үшінші бағыты «Жастар практикасы» арқылы жүзеге асады.

Мысты шаһарда өз көсімін аспаққа инетті кәсіпкерлер санының артып отырына – құнарлы жайт. Биылдың енісінде 130 жаңа кәсіпкерге қолдау көрсету жоспарланған.

– Кәсіпкерлерге арналған грант конкурсына қатысушы, алдымен, жұмыссыз болуы шарт.

АУМАҚТЫҚ КЕҢЕСТЕР

МІНДЕТІ – АУҚЫМДЫ

Кеңес ұсыныс білдіруге құқылы. Кеңес сондай-ақ, жезқазғандықтарды тұрғын үй және үй маңы аумақтарын сақтап, абаттандыруға шақырады және құқық бұзушылықтарды жасауға тәубешілікті насихаттайды.

БОТА ШАЛҚАР

«Жастар» саябағының «Наурыз» саябағына дейін Холмешкий-Сейфуллин көшелерінің бойымен суару желісі тартылды. Биылғы жылға межеленген 60 баулар ойын алаңқайын салу.

ӨЗ ТІЛІМІЗ

Жезқазған қаласының мәслихат депутаты Светлана Жумкина төралалық емес VII шақырылған қалалық мәслихаттың кезектен тыс V сессиясының күн тәртібіне сөзіз мәселесі шығарылды.

СЕССИЯ

Жезқазған қаласының мәслихат депутаты Светлана Жумкина төралалық емес VII шақырылған қалалық мәслихаттың кезектен тыс V сессиясының күн тәртібіне сөзіз мәселесі шығарылды.

МӘСЛИХАТ ХАТШЫСЫ САЙЛАНДЫ



Күн тәртібіндегі сұрақтарды мәслихат депутаттарының талқылауына ұсынылса бұрын Жезқазған қалалық сайлау комиссиясының төрағасы Бақыт Итенова Әбдірахман Досановқа депутат куәлігін тапсырды.

Сессияда қаралған алғашқы мәселе бойынша Жезқазған қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ләйля Әлешбаева сөз алды.

Тұрғын үй сертификатын тұрғын үй сатып алу үшін табысы төмен отбасыларға беріледі. Сертификат ҚР Ұлттық Банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама немесе мемлекеттік тұрғын үй құрылыс бағдарламасы бойынша тұрғын үй сатып алынған жағдайда беріледі.

Сонымен бірге, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт және өзге де сала мамандары үшін де сертификаттар қарастырылған. Әлеуметтік көмек түрінде қайтарымсыз негізде берілетін сертификаттың алудың да қатаң тәртібі бар.

Минберге көтерілген қалалық жер қатынастары бөлімі басшысының міндетін атқарушы Марғұлан Сейдахметов Кеңгір ауылдық округінің жайылмадық жерлерін басқару мен пайдалану жоспарын бекітуді, ал Жезқазған қалалық мәслихаты хатшысының м.а. Виктор Сотников 2019 жылғы 4 сәуірдегі №33/298 «Жезқазған қаласының қоғамдық кеңес құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізуді сұрады.

Сессия соңына таман қалалық мәслихат депутаттарына VII шақырылған қалалық мәслихаттың хатшысын сайлау ұсынысы жасалды. Көпшіліктің дауысымен осы лауазымды қызметке Әбдірахман Досанов лайықты деп танылды.

– Сізге жүктелген міндет те, алдағы уақытта бірлесіп атқарылар жұмыстарың да көлемі ауқымды. Жезқазған қалалық мәслихаты мен қалалық әкімдік арасындағы іскерлік қарым-қатынас ел игілігі мен онір өркендеуі жолындағы ортақ кеңінен бағындыруда табысқа бастайтын нәтижесімен, – деген қала басшысы Қайрат Әбсәттаров жаңа хатшының жұмысына сәттілік тіледі.

Сізге жүктелген міндет те, алдағы уақытта бірлесіп атқарылар жұмыстарың да көлемі ауқымды. Жезқазған қалалық мәслихаты мен қалалық әкімдік арасындағы іскерлік қарым-қатынас ел игілігі мен онір өркендеуі жолындағы ортақ кеңінен бағындыруда табысқа бастайтын нәтижесімен, – деген қала басшысы Қайрат Әбсәттаров жаңа хатшының жұмысына сәттілік тіледі.



Орталыққа жылғы басының бері 1030 жезқазғандық жұмыс іздеп келген. Олардың ішінде ұсынылған жұмыстың еңбекқандығына көңілді толмайтындар да бар екені рас. Мұндай жағдайда оларға мамандығына сай және қайта даярлау курстары бойынша үш рет бос жұмыс орыны ұсынылады.

Ақинет ТАҒЫБЕРГЕН

Диана ОРАЗЛИНА

ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

ҚАЗАҚСТАНДА ИТ-МАМАНДАРЫН ДАЙЫНДАУ САЛАСЫНДА ҚАНДАЙ ЖЕТІСТІКТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛДІ?

Еліміздің Білім және ғылым министрлігі бүгінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында кадрлар даярлау қалай жүргізіліп жатқандығын және елімізде қандай білім беру бағдарламасы жүзеге асырылатындығын мәлім етті.

Министрлік ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында кадрларды даярлау саласын арттыруға ерекше көңіл бөлетінін атап өтеді.

Біріншіден, мемлекеттік білім беру тапсырысы жыл сайын ұлғаюда. Мысалы, 2020-2021 оқу жылында ЖОО-да оқу үшін 8797 грант бөлінді.

Екіншіден, Техникалық және кәсіптік білім мамандықтары мен біліктіліктерінің жаңа сынға шығуы, сондай-ақ Білім берудің халықаралық стандарттарын сыныптаушына және Ұлттық біліктілік аясына сәйкес келтірілген жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптаушыны әзірлеп бекітілді.

Төртіншіден, қана оқу жылынан бастап ЖОО-дағы гранттың құны артты. Оның аясында ЖОО-лар оқытушылардың жалақысын көтеруге және өздерінің қаржы әлеуетін күшейтеуге, сондай-ақ инфрақұрылымды жаңарту мүмкіндігі алды.

Халықаралық компаниялармен ынтымақтастық аясында оқу процесіне IBM, Amazon, WOOPLAY, Avaya, Asus, КИПТО Кәсіпкерлік зертханасы ЗТБ, Лавина-Пульс АҚ, «Позитив технология» АҚ және басқа да компаниялардың IT-сарапшылары тартылуда.

Сонғы 3 жылда IT саласында 60 шестедік ғалым (оның ішінде 32-сі республикалық бюджет есебінен) Жапония, Оңтүстік Корея, Германия, АҚШ, Түркия, Ұлыбритания және басқа да елдерден тартылды.

Бесіншіден, министрліктің негізгі міндеті – білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және кадрлар даярлау саласын қамтамасыз ету. Ол үшін министрлік нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеп, өзектендіріп отырып, еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, кадрлар даярлауға гранттар, академиялық ұтқырлық бағдарламаларын дамытуға және шетелдік ғалымдарды шақыруға қаражат бөледі.

Айта кетерлігі, тауада Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов «Facebook» парақшасында қазақ тілдегі еліміздегі 80-нен астам жоғары оқу орнында IT бағытындағы мамандарды дайындау бойынша лицензиясы бар екендігін, дегенмен, олардың барлығы бірдей нарықтағы сұраныс пен жұмыс берушілердің талаптарын қанағаттандыра бермейтіндігін ашық жазаған болатын.

Осы ретте университеттер сала мамандарымен және жұмыс берушілермен бірігіп, кадрларды дайындау бағытындағы мәселелерді шешу бойынша тиімді жұмыс істеуі керек, – деген еді министр.

Оның атап өтуінше, қазіргі таңда жай гана дипломның болуы жеткіліксіз, ендігі кезекте біліктілік санаты және мамандарды сертификаттау – жұмысқа қабылдаудың маңызды шарты болуы керек.

Біздің бастамамыз бойынша заңнамаға тиісті өзгерістер енгізілді және осы идеяны жүзеге асыру орналасу мүмкіндік бар. Біз «Диплом жұмысқа орнатылу мүмкіндік бері» деген ұғымнан алмыстауымыз керек. Керісінше сертификаттау орталықтарында берілген біліктілік санатының болуы әлдеқайда көбірек мүмкіндік беретінін түсінген және, – деді Асхат Аймағамбетов.

Министрдің атап өтуінше, жоғары оқу орндары мен колледждерде IT бағыты бойынша білім алып жатқан студенттерді нарықта үлкен жұмыс тәжірибесі бар өз ініні мамандары оқытқаны маңызды. Сондықтан біліктілік талаптарының осы бағыттағы оқытушыларға қатысты екі талап жойылды. Енді IT бағыты бойынша білім беретін оқытушының ғылыми дәрежесі болуы шарт емес және ол жоғары оқу орнының штаттағы қызметкері болуы да міндетті емес.

Тағы бір маңызды мәселе – IT-мектептерді дамыту. Бұл тұрғыда екі бағыт бар. Біріншісі – IT саласын тереңдетіп оқытатын мектептер. Біз өңірлерде осындай 25-тен астам лицей аштық. Екіншісі – бейресми білім беру және «Altem», «Qwant», «AlIA» академиясы сияқты мектептерді белсенді дамытқымыз келеді. Біздің бастамамызбен мұндай мектептерді институционалды

12 СӘУІР – ҒЫЛЫМ КҮНІ



(Соғы. Басы 1-бетте)

Ұлы Отан соғысының үш жылында Қазақстан филиалының кадрлары 276 адамнан 700 адамға, ғылыми жұмыстар көлемі 3 есеге өсті. Үш жылда ғылымның аса маңызды салалары – металлургия мен кен байыту, физика, химия, энергетика, медицина, зоология бағытында 7 жаңа институт ашылды. Соғыс жылдарында пайдалы қазбаларды іздеу үшін 350 эскадрильялық отрядтар құрылды. 1941 ж. олардың саны 38 болатын. 1944 жылы кен байлықтарын зерттейтін 38 ғылыми-зерттеу мекемесі жұмыс істеді. Қазақстан жерінің 90%-ы топографиялық картаға түсірілді. Барлық 16 облыстың топырақ қыртысы карталары жасалды. Бұл өз кезегінде астық пен жайылым, мал өнімдерін молайтуға ықпал етті. Қазақстан ғылымының қарапайым жетістігі қатарында Қ.Сәтбаев атап өткен бір-екі мысалды айтып кетуге болады. Ғалымдар табиғи каучук, яғни, Қаратаудың тау сағзынан өте сапалы резеңке өндіруге қол жеткізген. Қазақстан дәрігерлері өте ауыр жаралатқан жауынгерлерді қиын жағдайдан алып шығатын дәрі ойлап тапқан. Сол сияқты донордың қанын қалпына келтіретін



Бодандық бұғаты ағытылып, құлдық қамыты шешілгені, өз шаңырағында отырып аяқ-қолыңа салынған кісен мен тұсаудың қақ бөлініп, қазақ атты қайсар халыққа азаттықтың ақ таңы арайлағанына, жаңа, жарқын күннің шапағы шаңырағына биыл 30 жыл болады екен.

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАДА – ӘЛЕУЕТТІ БАСТАМАЛАР

Әлемнің керуен көші ілгері, шабысы шалт, желісі жүйрік дамыған елдерінің тарихымен салыстырғанда 30 жыл айтарлықтай көп кезең емес екені рас. Дегенмен, тым аз дей де алмаймыз. Халқымыз ер жігіттің отыз жасын орда бұзар ойлы кезеңге балап, балалық пен шалалықтың арта қалған, ес кіріп, елге ие болар, кемел келешегінің тұтқасына айналар уақыты деп есептеген. Аталған жылдар легінде ел басынан сан түрлі аумалы-төкпелі, күрделі де келепін мәселелер өткені рас. Дәл сол сәттері әлі буыны бекімеген, экономикасы қалт-құлт етіп тұрған жас мемлекеттің нық аяққа тұрып кетеріне шүбәсіз сенгендерден гөрі, күмәнмен қарағандар саны басымдық болғаны да жасырын емес. Барлық шаруашылық өндірісі бір-бірімен тығыз байланысты іске асырылатын Кеңес Одағындағы 15 одақтас мемлекет сан тарапқа шашырап, бас-бастарына жеке кетуі олардың экономикасын біраз тұрлатты. Осы тұста бәрін басынан бастауға мәжбүр болған елдердің қатарында біздің Отанымыз да бар еді.

Не десек те еліміз дер кезінде етек-жеңін жинап үлгерді. Қиындықтан тайсалмай, жаңа күнге зор үмітпен көз тастады. Соның нәтижесінде бірнеше онжылдықтар көлемінде әлемнің дамыған 50 елінің қатарынан ойып орнын алды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары халқымыз үшін қанағатты қиын болғанын, жаппай жұмыссыздық белең алғанын, дүкен серелері бос қалып, нанның өзін сатып алу сергеленді шаруаға айналғанын әке-анамыздан естіп отырамыз. Сонау желді күні теңізге шыққан қайықтай қалтыр күн кешкен кездерден мемлекетіміздің аман өткеніне мың да бір тұзбе етеміз. Не десек те, қиындық кім-кімді де шындап, мықты ететіні ақиқат. Бүгінгі күнге басымызды білік ұстап, еңсемізді тіктетп жеткеніміз бағыздан қанымызға сіңген қаймықпас қайсарлығымыздың, мұқалмас жігеріміз бен қажымас қайратымыздың арқасы деп білемін.

Тарихқа көз тастар болсақ, сонау хандық болып қалыптасқаннан бері жоңғар-қалмақ шапқыншылығын бастап басымыздан талай зұлматты жылдар өткізді. Ақтабан шүбырынды, алқақол сұлама, Ресей империясы құрамына қабылдану, аштық, ұлт зиялыларын аяусыз қыру, Ұлы Отан соғысы, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы – осылардың барлығы қазақ халқының қынадай қырқылып, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кетудің аз-ақ алдында қалдырды. Әйткенмен, Ұлы Даланың рухты ұрпағы жолында кезіккен кез келген қиындықты абыроймен өткере білді. Ел тарихында алтын әріптермен жазылар 1991 жылдың 16 желтоқсанын өзгартіп қиындықтарын азайтып, көңілге көктем ұялатқан күн еді. Дәл осы күні Ұлы қазақ даласына қаншама адамның қаны, қанша жанның жаны, көз жасы мен маңдай тері арқылы әрбір дегенде сан ғасырлар бойы арман етіп, аңсаған Тәуелсіздік тұрақтады. «Басы қатты болса, аяғы тәтті болады» деген сөз бекер айтылмаса керек-ті. Алғашында жас мемлекеттің аяққа тұрып, қатарға қосылуы оңайға соқпағанымен, жүйелі басқару мен өлшеусіз еңбек арқасында Еуразияның кіндігін мекен еткен Қазақстан Республикасы тек Орта Азия халықтары арасында ғана емес, әлем жұрты алдында күш-жігерін танытып, елдігін бекем түрде орнықтырды.

Имантай СӘТБАЕВ,
Қарағанды облысы Жезқазған қаласының
қарттар мен мүгедектердің медициналық-
әлеуметтік мекемесі директорының орынбасары

күрғақ ұнтақ шығаруды қолға алды. Ол жан-жануарлар қанынан алынды. Тіл мамандары майдан үшін әскери терминдердің орысша-қазақша сөздігін жедел түрде шығарды. Жер қыртысы, өсімдіктер, жануарлар дүниесін зерттеуде Қазақстан білімпаздары зор табысқа жетті. Ғылым мен халық шаруашылығы үшін пайдалы өсімдіктердің 3 мыңнан аса түрі анықталды. Қазақстан жәндіктерінің атласы жасалды. Гуманитария саласында қазақ халқының ауыз әдебиеті жинақталып, жүйеге келтірілді. Оның көлемі 1800 баспа табақ, яғни, 30 000 беттен астам. 1942 ж. 12 қаңтарда Қазақстан үкіметіне, Н.Ондасыновтың атына тіл, әдебиет, тарих институтының директорымен бірлесіп жазған хаты – халық шығармашылығы мұраларына жанашырлықтың үлгісі. «Мұрын жырау Сенгірбаев қазір 81 жаста. Шевченко к. тұрады, – делінген хатта, – 18 жасынан бастап «Қырымның қырық бағырын» кәсіби деңгейде орындап, бүгінгі күнге жеткізішү. Осындай теңдессіз деректік мұрадан айрылып қалу – орны толмас қателік болады. Жыраудың көзі тірісінде жырдың толық нұсқасын жазып алып қазақтың және басқа халықтардың мұрасына айналдыру қажет».

1943 ж. жарық көрген «Қазақстан тарихы ежелгі дәуірлерден бүгінгі күнге дейін» (А.М.Понкратованың редакциясы) оқулығының жазылуына тікелей Қ.Сәтбаевтың көмегі болды. Бұған 1941 – 1943 ж.ж. КСРО ҒА корр. мүшесі А.М.Понкратованың Қ.Сәтбаевқа жазған хаттары куә. Бұл кітап 1945 ж. ұлтшылдық сипаттағы саяси қателіктері үшін ғылыми айналымнан алып тасталды.

1944 ж. Қазақстанның ғылыми-зерттеу мекемелерінде аса маңызды 150 ғылыми тақырып белгіленсе, 1945ж. ол 285-ке жетті. «Соғыстың алғашқы айларының өзінде (1941 ж. желтоқсанға дейін) Қазақ филиалы үкімет органдарына ішкі резервтерді соғыс жағдайына пайдалану жөнінде 40 ғылыми ұсыныс беріп үлгерді», – деп жазады М.Қ.Сәтбаева. Қазақстан филиалы соғыс жылдарында үкімет пен халық комиссарларына 160 – тан астам пайдалы ұсыныстар тапсырды. Академияның қазақ филиалында 1940 ж. 276 қызметкер болса, 1945 ж. мың адамға жетті. Соғыс жылдары 63 ғылыми қызметкер, оның ішінде 25 қазақ докторлық және кандидаттық атақтар қорғады. «1945 жылы 54 адам, оның ішінде 24 қазақ докторлыққа, 186 адам, оның ішінде, тең жартысы қазақ, ғылым кандидаты атағына даярлануда» деп жазады Сәтбаев 1945 ж. жарияланған «Көркейген қазақ халқының ғылымы мен мәдениеті» мақаласында.

Соғыс жылдары түрлі ғылым саласында ерекше жетістікке жеткен тілші ғалымдар У.Кенесбаев пен Ж.Сауранбаев, музыка өнерінде А.Жұбанов, биолог К.Мыңбаев, химик Ә.Бектұров, топырақтанушы О.Оспанов, геолог А.Машанов, суландыру маманы Н.Кенесарин еңбектерін Одақ та мойындаған ҰОС жылдарында одаққа белгілі Мәскеу, Ленинград ғалымдары Алматыда қызметін жалғастыруға мәжбүр болды. Комаров, Обручев, Бардин, Понкратова, Фесенков, Вернадский, Антропов, Наливкиндердің есімдерін атамақ та жеткілікті. «Бақытсыздықтан да сәттілік іздеу керек, – дейді Қ.Сәтбаев, – Құдайдың құдіретімен қолымызға түскен ғұлама жандарды пайдалансақ игі!».

Қазақстанның жер қойнауы байлығы Отан қорғау ісіне жұмылдырылды. «Әрбір он оқтың тоғызы Қазақстан қорғасынынан құйылды, барлық танкілер мен өздігінен жүретін соғыс техникаларының жартысынан астамы Қазақстан құрышымен қапталды. Оқ-дәрілер мен снарядтар, алдыңғы шептегі байланыс аппараттарының үштен бірін астамы Қазақстан мысынан құйылған», – деп жазды 1943 ж. Қ.Сәтбаев «Қаз. правда» газетінде жарияланған мақаласында. Ал, Жезді шешуші майданда жеңіс әперген солдатпен тең болды. Қ.Сәтбаев ғұмырнамаһның зерттеушісі М.Сәрсекке «1942 ж. ортасынан бастап Кеңес өндірістері майданға жоңелткен әрбір 10 танктің 7-еуі қазақ геологі тапқан Жездің құрыштық шикізатынан құйылды» деп атап көрсетеді.

Сәтбаевтың шәкірті, ак. Ш.Шокин өзінің естелігінде былай дейді: «Қазақстан ғылымының жолы әуелден-ақ құтты болды, өйткені оның іргесін қалау ісімен Қ.Сәтбаев айналысты. Академия атауы қағаз бетіне түспей тұрған кезде-ақ 9 ғылыми – зерттеу институтын ашуға қам жасады». Бұл соғыс өрті тұтанып тұрған 1943 – 44 жылдар. Қ.Сәтбаев Қазақстанға дербес ғылым ордасы керек екенін дәлелдеп шықты. Академия құрылар қарсаңда филиалда 17 ғылыми-зерттеу институты, 11 сектор жұмыс істеді. Бұл арман 1946 ж. 1 маусымда жария болды. Сәтбаевтың жасы 47-ге келген еді. Сол салтанатта Қ.Сәтбаевтың айтқан ойы бүгінге дейін маңызын жойған жоқ. «Ғылым жалған мадақты сүймейді, ғылым сарайына біреуді жақсы көріп, із жалтақтап жүріп кіре алмайсың. Отан тұзу ниет, таза жүреппен бару керек. Ұлы Абай айтқандай: «Біз ғылымды сатып, мал іздемек емеспіз». Ғалым әріптестерімді мен кішіпейіл болуға, бос мақтан, жел сөзге елікпей, әлеумет мүддесі үшін зор жұмыстар істеуге, ел есінде қалатын тарихи ұлы игіліктер жасауға шақырамын» – дейді Қ.Сәтбаев. Ғылым Академиясын 16 жыл басқарған ғұмырында қазақтың зор ғалымы өз сөзін іспен дәлелдеді.

Академик Қ.Сәтбаев мақалалары
негізінде әзірлеген
Зейін ҚАЗАНБАЕВА

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

ҰЛТ БОЛМЫСЫН

ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік жылдарында еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуымен қатар білім беру жүйесін жаңғырту мақсатында кезек-кезеңмен реформалар жүргізілді. Сол білім беру жүйесіндегі реформалары жүргізу егемен Қазақстанның алғашқы құқықтық құжаттарының бірі Тәуелсіздік Декларациясында бекітілген болатын.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі – мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс – оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қалдыртып, қастерлеу, арындай таза ұстау – әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртінің, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, білімдері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Тәуелсіздік алғашы бері жыл сайын жүргізіліп, білім жүйесіне еніп жатқан реформалар біздің болашағымызға салынып жатқан даңғыл жол деп айтуымызға болады. Себебі, қай мемлекеттің болсын даму жолы, яғни экономикалық-әлеуметтік жағдайына тікелей апарар жол – сол елдің білімінің дамуы болып табылады. Яғни, болашақта бәсекеге қабілетті мемлекеттер қатарына ену міндеті бәсекеге қабілетті жас маман мойнына жүктелетін абыройды да, жауапты міндет болып отыр. Бүгінгі жас ұрпақ – ертеңгі мемлекет тұтқасын ұстаушы білікті маман, ел тағдырын шешуші азамат.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым кәсібін шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді акпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуника-



циялық желілерге шығуда» деп, білім жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдарының, әр мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды. Бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл үрдіс педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар, елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып, сараулауды, жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуды, мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруді мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі. Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім

Бабытжан
РЫСПАМТӨВ,
№1 орта мектептің биология
пәнінің мұғалімі

13 СӘУІР – ҚАСИЕТТІ РАМАЗАН АЙЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ КҮНІ



(Соңғы. Басы 1-бетте).

Пайғамбарымыз былай дейді: «Кімде-кім сенെ отырып, сауабын Алладан күтіп, Рамазан оразасын тұтса, өткен күнелері кешіріледі».

Негізінде оразаға сәресіден кейін ниет етіледі. Бірақ сәресіде ояна алмай, тамақтана алмай уақыты біткенде оянган адам күн шығып кетсе, күн арқан бойы көтерілгенге дейін сол күннің оразасына ниет етсе болады.

Хадисі Әбу Хурайрадан (р.а.) имам Бұхари және имам Мұслим риуаят етті).

«Кім жалған айтудан және жалғандыққа барудан тыйылмаса, Алла Тағала оның ішпей-жемей жүргенін қажет етпейді».

Хадисі Әбу Хурайрадан (р.а.) имам Бұхари риуаят етті).

Оразада міндетті түрде сәресін ішудің пайдасы зор. «Сәресін ішініздер, өйткені сәресінде береке бар».

Хадисі Әнас ибн Мәлікпен (р.а.) имам Бұхари және имам Мұслим риуаят етті).

ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ОРАЗА КЕСТЕСІ

- Мамыр айының 8-нен 9-на қараған түн – Қасиетті Қадір түні.
• Пітір садақа жан басына 420 теңге деп белгіленді.
• 13 мамыр Ораза айт күні
Ауыз бекітердегі ниет:
«Алла Тағаланың Разылығы үшін таң атқаннан күн батқанға дейін Рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім»
Ауызашар дұғасы:
«Аллаһым! Сенің разылығың үшін ораза ұстадым. Саған иман келтірдім, Саған тәуекел еттім. Сен берген ризықпен ауыз аштым. Уа, Кешірімді Алла! Менің алдыңғы және соңғы күнә-кемшіліктерімді кешірі!»

ОРАЗА
ЖАННЫҢ АЗЫҒЫ, ТӘННІҢ ШИПАСЫ

«Адамдардың ауыз ашуды кешіктіреуімен амандыққа кенелуі жалғасады. Ауыз ашуды кешіктірмеңдер! Себебі, яһудилер ауыз ашуды кешіктіретін еді».

Хадисі Әбу Хурайрадан (р.а.) имам Ибн Мажәһ риуаят етті).

«Біз Расулулламен (с.ғ.с.) бірге сапарда едік. Күн батқаннан кейін Расулулла (с.ғ.с.) Біләлға (р.а.): «Ей, Біләл! Түсіп бізге тамақ әзірле», – деп айтқанда, Біләл (р.а.): «Я, Расулулла (с.ғ.с.)! Қараңғы болуын күтпейсіз бе?», – деп жауап берді».

Түсіп бізге тамақ әзірле. Я, Расулулла (с.ғ.с.)! Сіз күні бойы ораза ұстамайсыз ба? – Түсіп бізге тамақ әзірле.

Осыдан соң Біләл (р.а.) түсіп тамақ әзірледі. Расулулла (с.ғ.с.) оны ішті, кейін шығыс жақты сауағымен көрсетіп: «Мына жақтан түннің келгенін көрсендер, ораза ұстаушы ауызын ашатын уақыт болғаны», – деп айтты.

Хадисі Абдулла ибн Әбу Ауфадан (р.а.) имам Бұхари, имам Мұслим және имам Әбу Дауіт риуаят етті).

Оразаны немен ашады? Жалпы оразаны құрмамен ашқан дұрыс. Ал егер құрма болмаған жағдайда сумен ашсын. Себебі су пәк нәрсе. Сонымен қатар осы орайда мұсылман қауымын жиі қойылатын сұрақтарының бірі екіпе алу мәселесі. Осы ораза айында вакцина алуға болама, жоқпа деген сұраққа мынандай жауап қайтарылды.

Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы ораза кезінде вакцина салдыру мәселесін түсіндірді, деп хабарлайды Sputnik Қазақстан тілшісі.



ИМАН

ДИЛМАР hәм ДІНДАР ЖАМБЫЛ

Ел аузында жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың Кремльде намаз оқығаны жайлы аңыз бар. Ақиқат пен аңыздың аражігін Алла біледі, алайда Жамбыл, Жәкеңнің бес уақыт намазына ықтиятты болғаны рас нәрсе.

«НАМАЗЫН БЕРІЛІП ОҚИТЫН...»

Жамбылдың немересі, ортаншы ұлы Токқұлның баласы Әлімқұл Жамбылов Нағашыбек Қапалбекұлына берген сұхбатында: «Адамға бақ Алладан бұйыратыны рас. Қазір кейде ойлаймын, егер Жамбыл өз таным-түсінігі арқылы Аллаға мойынсұнбаған адам болса, осындай абыройға жетер-жетпесі неғайбіл екен-ау деп. Алланың әрбір астарлы аятынан сусындап, гибрат алған Абай мен Жамбыл қазір халықтың ақыл-ойы, қазақ жырының алыбы аталады. Осында бір заңдылық жатыр деп ізденген дұрыс-ау. Қаншама діни әңгіме, дін-исламдық кисса-дастандарды зердесіне тоқып, жеке қалғанда біздерге айтып отыратын. Болмаса қараңызшы, соншалықты дарқан түйсікпен, бүкіл шығыс киссаларын көкейге ерекше тоқып, зерек зердеге иелік ете ала ма, толқындата буырқанып, лағыл жырлар төге ме? Алланың шын ықыласы түспеген адам жасы сексеннен еңкейгенде осыншама атақ-құрметке қалай жетеді? Қазақта аузымен күс тістеген қаншама дарынды ақындар болды, қаншама жыраулар өтті сол заманда? Солардың бәрінің арасынан Жамбылға Жаратқанның шапағат нұры неге ерекше жарқырады? Мұның бір сыры, «бес уақыт намазын қазе етпеген діндарығында жатқан шығар» деген ойды мен қазір жасым тоқсанға қадам басқанда ғана түсіне бастадым» депті (Нағашыбек Қапалбекұлы, «Шығармалар жинағы», 3-том, Алматы, 2020).

Осы сұхбатында Әлімқұл Жамбылов өзінің де намазға жығылуына атасы Жамбылдың себепкер болғанын атап өтеді. «Титтейімнен атамның жайнамазын алып беріп, намаз оқығанда қасында бірге тұратынмын. Намаз оқыған кезде ерекше балбырап, балқып, беріліп оқитын. Нұрланып, көзінде нұр ойнап, құлпырып, жайнап шыға келетін» дейді Жамбылдың немересі.

МҰСЫЛМАНДЫҚ ҒҰРЫПТЫ ЖАҚСЫ ОРЫНДАДЫ

Бытыр «Ана тілі» газеті кезінде Қарғалыдағы «Сәт» мешітінің имамы болған Әбдіқадір қари Иминовтің «Алыптың имамы» деген жазбасын жарыққа шығарды. Осы жазбада Әбдіқадір Иминов Жамбылдың діни ұстанымы жайлы біраз дүниенің бетін ашты.

Өзінің жазуынша, Әбдіқадір 1917 жылы Қашқар қаласында қожалар әулетінде туған екен. Медресе бітіріп, Құранды зерделеп, араб, парсы тілдерін меңгеріпті. 1931 жылы ұйғырлар қытай басқыншыларына қарсы көтерілген кезде 17 жастағы Әбдіқадір қаланы қорғаушылар қатарынан табылыпты. Кейін Қашқар құлап, халықты жаппай жазалау басталғанда ату жазасына кесілгендер қатарында Әбдіқадір да болған екен. Алайда Алланың қалауымен аман қалып, от пен су кешіп жүріп, 1935 жылы Алматыдан бір-ақ шығыпты.

«Бұл кезде бүкіл елде дінсіздік етек жайып, мешіттердің түгелге жуығы жабылған. Қай жерде жүрсем де, Құран мен намазды ашық оқитынмын. Сол гәдетім өмірімді сақтады деп ойлаймын. Осы діндарлығым арқылы мен Жамбылмен таныстым, жаңа достар таптым, пікірлес жандарды кездестірдім» деп жазады (Әбдіқадір Иминов, «Ана тілі» газеті, №8, 2020).

Кейін Қаскелеңде құрылысшы болып қызмет істейді. Басшыларының бірі Жамбылдың туысы екен, сойтіп соның үйінде жыр алыбымен танысады. Жамбыл оның дін жолын ұстанған жігіт екенін біліп, жақынырақ сөйлесу үшін үйіне шақырады.

Әбдіқадір Иминов осы кездесуі жайлы: «...Екеумізді біріктірген бір нәрсе Алланың күдіретіне деген сенім, оның рахымынан үміттенетін ерекше бір сезім еді. Бұл кезде исламға шүбәсіз сенетін адам ғана намазды ашық оқитын. Жөкең Құранды жақсы білетін, қасиетті кітаптағы алғашқы сүрені оқығанда оның көздері күлділеп, тіпті жасарып кеткендей әсер қалдырды» дей келіп осынау алғашқы кездесуі екеуін жақындастыра түскенін айтады. Одан әрі ол: «...Ақынның дінді құрметтейтін отбасында өскені белгілі. Оның үлкен ағасы Тәйті қажылық сапарға екі мәрте барған адам. Жамбылдың өзі де өмір бойы намаз оқыған, мұсылмандық ғұрыпты жақсы орындаған. Менің Құран оқығанымды сүйіп тыңдайтын. Бірнеше сағат жалықпай отыратын. Көптеген сүрелерді мен қазақшаға аударып түсіндіретінмін. Сүннені, пайғамбарымыздың өмірі сипатталатын әңгімелерді бынты-шынытымен тыңдайтын, хадистерге жіті зейін қоятын» дейді.

Осылайша Әбдіқадір Жамбылдың арқасында елге танымал бола бастады. Жұрт оны «Жамбылдың молдасы» деп құрмет тұтты. Әбдіқадірдың үйленуіне де ақынның өзі себепкер болған екен. Оған Ұзынағаштағы Шәріп



деген кісінің Гүлжахан дейтін сұлу қызын алып беріп, шаңырақ көтеруіне жәрдем беріпті. Тіпті некелерін де Жамбылдың өзі кийіпті.

МЕШІТТІҢ АШЫЛУЫНА СЕБЕПКЕР БОЛДЫ

Отызыншы жылдардың соңында сталиндік репрессия басталған шақта дін адамдарын да шетінен ұстай бастады. Осы кезде НКВД қызметкерлері Әбдіқадірды да ұстап әкетіп, Құран кітабынан бастап Қазаннан басылып шыққан бүкіл кітабын тәркілейді. Мұны естіген Жамбыл дереу НКВД бөліміне келіп, Әбдіқадірдың үстінен жазылған арызды алдырып, сол жерде оны паршалап жіртеп, молданы тұтқыннан босатып алыпты. Қандай жүрек десеңізші!

Екінші дүниежүзілік соғыс басталған кезде биліктің дінге деген көзқарасы жыли бастады. Дінге тұсау салынған кезде қаншама мешіттер жабылған еді. Соның бірі кейін мектепке айналған Қарғалыдағы Сәт болыс салдырған мешіт болатын. Оның бұрынғы мешіт екенін жақсы білген Жамбыл Сталиннің дінге кешілік беріп тұрған сәтін дұрыс пайдаланды.

«1943-1944 жылдары Сталин дінге жайлап ерік бере бастағанда Жамбыл Алматыға барып, тура Жұмабай Шаяхметовтің өзіне кірді. Сөйтіп мешіттің қайтадан ашылуына себепкер болды. Жөкеңнің тікелей ұсынғысымен сол мешіттің бірінші имамы ретінде жұмысқа кірістім. Бұл сол кезеңде бүкіл Қазақстан бойынша ресми тіркелген алғашқы діни қоғамдастық еді. Алматы мен Семейдегі мешіттер бізден кейін тіркелді. Ашылу салтанатына Жамбылдың өзі қатысты. Одан кейін де жұма намазына жиі келіп жүрді. Осы жерде ақиқатын ашып айту керек, Жамбыл атам болмаса, Қарғалыдағы бұл мешіт те жоқ еді. Сол жылдары бүкіл Қазақстан аумағында 7-8 мешіт қана жұмыс істеді» дейді Әбдіқадір Иминов.

Жамбылдың өзі ғана намаз оқымай, Сталиннің тірі кезінде-ақ Қарғалыдағы мешіттің ашылуына себепкер болғанын Әбдіқадірдың осы әңгімесіндең ақ байқауға болады.

АҚЫННЫҢ ЖАНАЗАСЫ ЖАСЫРЫН ШЫҒАРЫЛДЫ

Соғыс кезінде Жамбыл ұлы Алғадайдан айырылды, тағы бір баласы Ізтілеу майданнан хабарсыз кетті. Қайғы үстіне қайғы жамаған жыр алыбы шөгө берді.

«Бірақ бұл ақын өмірінің тек сыртқы жағы болатын. Ішкі әлемінде ол дінге біржола ден қойды. Намазын үзбей оқып, Аллаға жалбарына бастады. Мәңгілік туралы, өмір мен өлім туралы пайымдады. Маған кейде балалық шағы жайында естелік қозғап, шешіле сөйлейтін» дейді Әбдіқадір жазбасында.

Жамбылдың дерті күшейіп, 1945 жылдың 22 маусымында дүниеден озыды. Өзінің аманаты бойынша жаназасын Шәріп қажы мен Әбдіқадір қари жасырын түрде шығарды. «Жерлеген соң, бейіті басында алғашқы Құранды Шәріп қажы оқыды, мен екінші болып оқыдым. Ақынды ақтық сапарына мыңдаған адам шығарып салды. Сол кезде бәріміз Қазақстанның мақтанышы мен данқына айналған аса қасиетті адамды жер қойнына мәңгіге тапсырғанымызды анық түсіндік» деп түйіндейді Әбдіқадір Иминов.

Әлімқұл Жамбылов та жоғарыда келтірген сұхбатында Жамбылдың жаназасын Алматының бас қазіні Шәріп қажы (Сталиннің рұқсатымен қажылыққа барған кісі) мен Әбдіқадір қари шығарғанын растайды.

«Жамбыл өзі көзі тірісінде Жұмабай Шаяхметовке барып: «Қарағым, мен үзбей намаз оқыған адаммын. Ағам Тәйті екі рет қажылыққа барған. Сондықтан менің обалыма қалмай, өлгенде мұсылманша жаназа шығартып, өзімнің бағымның ішіне жерле. Соған уәдеңді бер. Әйтпесе Сталиннің өзіне айтамын бұл өтінішімді» деп қорқытқан көрінеді. Сол тілегін Жұмабай орындады. Елге көрсетпей, коммунистерге жария етпей, Алматының бас қазіні Шәріп қажы мен Қарғалы мешітінің имамы Әбдіқадір Иминовқа жаназа шығартты. Оған Сәбит Мұқанов, Қалмақан Әбдіқадіров, Ғали Орманов қатысты. Мен бұл оқиғаны көзіммен көрдім» дейді Әлімқұл Жамбылов.

Мұсылмандық жолды ұстанып, өмірінің соңына дейін оразасын ұстап, намазын үзбей оқыған Жамбыл Жабаевтың жоелету жолы да мұсылманша атқарылды. Алла Жамбыл атамның рухын шат қылғай!

Серікбол ХАСАН
Дереккөз: www.muftyat.kz

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫНА

ОРАЗА ҰСТАҒАН АДАМДАРҒА ВАКЦИНА АЛУҒА БОЛА МА?

Рамазан айында ораза ұстаған адамдарға вакцина алуға бола ма, жоқ па? Бұл сұраққа ҚР Үкіметі жанындағы Қазақстанда коронавирустың таралуына жоқ бермеу жөніндегі ведомстваралық комиссия жауап берді.

«Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетіне қасиетті Рамазан айында ораза ұстауды жоспарлап отырған мұсылман қауымынан екіпе жайында бірқатар сұрақтар келіп түсті. Олардың басым бөлігі вакцина алуға қарсы вакцинация оразаны бұзатындығы не бұзбайтындығы жайында болып отыр», – делінген «Telegram»-дағы ВАК-тың хабарламасында.

Мәліметке сәйкес, комитет қызметкерлері түсініктеме алу үшін мешіт қызметкерлеріне жүгінген.

Еске сала кетсек, биыл ораза 13 сәуірде басталып, 12 мамырға дейін жалғасады.

«Мешітте егер белгілі бір заттың ас қорыту жүйесіне ауыз, мұрын сияқты табиғи саңылаулар арқылы енсе, ораза бұзылатындығын хабарлады. Инфекциялар кезінде және коронавирустық вакцинаны енгізу аталған жағдайларға жатпайды. Сондықтан COVID-19-ға қарсы вакцинаны қабылдау оразаны бұзбайды», – деп мешіт қызметкерлері жауап берген.

Сондай-ақ, мешіт қызметкерлері емдеу мақсатында қолданылатын инъекцияларға рұқсат етілгенін (дәрмендер мен қоректік қасиеті бар инъекциялар жатпайды) мәлімдеді.



Жобаның мақсаты – түрлі салаларда ел экономикасын көтеруге атсалысып, рухани құндылықтарды сақтап, елі үшін еңбек еткен шынайы шеберлердің, ойға алған мақсаттарына жетпей тынбайтын нағыз біртуар азаматтардың, үлкен өмірлік тәжірибеден өткен майталман жандардың қызметтерін көрсету, кейіпкеріміздің өмірі арқылы халыққа қалай және қай уақытта мерейлі еңбектің қуанышқа бөлейтіндігі туралы жеткізу. Әрбір жалған ерлік, әсіресе, еңбек жолындағы ерлік ең біріншіден жастар арасында жолын қуушы, жалғастырушы ізбасарларының болуы.

Бұл жоба ҚР Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Назарбаевтың «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламалық мақаласы аясында еңбек адамдарының адал жұмысымен сый-құрметке бөленіп, елігілігін еселеп арттыру жолында үлгі-өнеге көрсетіп жүрген

ЕҢБЕК ЕРІ ҰЛЫҚТАЛДЫ



Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің көрме залында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында «Жезқазғантүстімет» ӨБ кен өндірістік кешені бригадасының бригадирі, Сәтбаев қалалық мәслихатының депутаты Тұрсынбек Шамбылұлы Мақышевке арналған «Елінің елеулі азаматтары: еңбек – ер атандырар» атты көрменің ашылуы өтті.

Тұлғаларды дәріптеу мақсатында ұйымдастырылған. Тұрсынбек Мақышев – «Қазақстанның Еңбек Ері», «Ерен еңбегі үшін» мемлекеттік сыйлығының, III, II және I дәрежелі «Кенші даңқы» төсбелгілерінің иегері. Жобаны ұйымдастыру барысында музей қызметкерлері кештің бас кейіпкерінің өмірі мен еңбегі туралы отбасылық мұрағаттан, дерек көздерінен жинақтап, іздеу жұмыстарын жүргізді. Көрменің ашылу салтанатына Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Қайрат Бабанов, «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС филиалы – «Жезқазғантүстімет» өндірістік бірлестігінің бас директоры Бауыржан Баймұханов, «Кәсіпкерге» салалық кәсіподағы Жезқазған қалалық филиалының төрағасы Ақылбек Төлепбергенов, Қарағанды облысының Құрметті азаматы, «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы ардагерлер кеңесінің төрағасы Төлеген Бүкіров, Жезқазған қаласы бойынша «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС әлеуметтік-еңбек қатынастары басқармасының басшысы Сабыржан Тембаев, Тұрсынбек Шамбылұлының әріптестері – құрметті кенші, толық «Кенші даңқы» иегері, «Еңбек даңқы» III дәрежелі орденінің иегері Жәніс Досжанов, «Еңбек Даңқы» II дәрежелі орденінің иегері, «Кен өндіру» учаскесінің бригадирі Ербол Есөтов, кенші досы Жұмабек Махамбетов, Тұрсынбек Шамбылұлының отбасы мүшелері, туған-туыстары, БАҚ өкілдері қатысты. Іс-шарада Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары

Қайрат Бабанов, «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы ардагерлер кеңесінің төрағасы Төлеген Бүкіров, Жезқазған қаласы бойынша «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС әлеуметтік-еңбек қатынастары басқармасының басшысы Сабыржан Тембаев, Тұрсынбек Шамбылұлының әріптестері мен отбасы мүшелері, туған-туыстары құттықтау сөз сөйледі. «Шашу» би ансамблі өз өнерлерімен жиылған жұртшылықты тәнті етті. Т.Қалмағамбетов атындағы Жезқазған филармониясының әншісі Ардақ Мұқышев «Бабалар» әнін тамылжыта шырқап, кештің көркін қыздырды. Қатысушылар назарына Т.Мақышев жайлы деректі фильм ұсынылды. Сазгер Мұхитден Утаев «Жезділіктер» және «Жездінің көшелерінде» әндерін орындады. Әрі қарай шара биіц-сұхбатқа ұласты. Көрменің лента кию рәсімін көрме кейіпкері Тұрсынбек Мақышев, «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС филиалы – «Жезқазғантүстімет» өндірістік бірлестігінің бас директоры Бауыржан Баймұханов, «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы ардагерлер кеңесінің төрағасы Төлеген Бүкіров жасады. Музей басшысы Раушан Қапарова жоба қатысушысына арнайы дайындалған естелік сыйлықтарды табыс етіп, құттықтау сөзін жеткізді.

Еркебұлан КАМАЛИЕВ, Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің аға ғылыми қызметкері

Тәуелсіздік жылына аласы



2002 жыл

• 2001 жылғы 20 маусымдағы №842 Үкімет қаулысымен, қаржы министрлігінің мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2001 жылғы 9 маусымдағы №170 бұйрығымен ҚР Білім және ғылым министрлігі Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті жабық акционерлік қоғам болып қайта құрылды. • 18 қазанда қала әкімі Ж.И.бабидиннің шешіміне сәйкес КСРО және Қазақстан Дизайнерлер одағының мүшесі, ұлттық колореттің хас шебері, белгілі сәулетші, марқұм Әлібек Сағындықовты есте сақтау мақсатында ол кісі тұрған Есетберлин көшесіндегі №9 үйге ескерткіш такта орнатылды. • Қараша айында құрылыс материалдарын сататын «Парасат-Декор» сауда орталығы ашылды. • Қазақстан Республикасы ҒА-ның академигі Ө.А.Байқоңыровтың 90 жылдық мерейтойына байланысты Жезқазған университетінің №2 оқу ғимаратының алдына академик Ө.Байқоңыровтың ескерткіші қойылды. • Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінде Ұлытау, Жезқазған аймағында тарихи, археологиялық, этномәдени зерттеулер жүргізу мақсатында «Ұлытау» ғылыми орталығы құрылды. • Қалалық тарихи-археологиялық мұражайында қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлының 200 жылдық мерейтойына арналып «Кенесары Қасымұлы – Тәуелсіздік жолындағы күрескер» атты көрме ашылды. • Жезқазғандағы орыс тілді қаламгерлердің өлеңдері мен прозалық шығармалары топтастырылған «Голос слитка» атты қос кітап «Қазақмыс» корпорациясының баспаханасынан жарық көрді. • Үкімет басшысы И.Тасмағамбетов қызмет бабымен Жезқазған аймағында болып қайтты. • Жезқазған жылу электр орталығына 50 жыл толды.

2003 жыл

• Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылдың 2 қарашадағы №1233 және 2003 жылдың 26 ақпандағы №208 қаулысына сәйкес «Жезқазғансирекмет» еншілес мемлекеттік кәсіпорны «Жезқазғансирекмет» Республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып өзгертілді. • Наурыз айында «Ауылым – алтын бесігім» атты тақырыпта республикалық ақындар айтысы өтті. • Наурыз айында «Қазақмыс» корпорациясының құрылыс-монтаж тресі Қыпшақбай қарьеріне тартылатын теміржол өтетін көпірді іске қосты. • 22 наурызда азық-түлік дүкенінің негізінде Жезқазғанда «Самдай» супермаркеті ашылды. • Мамыр айының 26-31 аралығында «Қазақмыс» корпорациясының Н.Валукинский атындағы мұражай-көрме кешенінің ұйымдастыруымен Жосалы жолымен мыс тасымалдануының 75 жылдығына орай «Көне Жосалы жолымен» тарихи-танымдық экспедициясы ұйымдастырылды. • Маусым айында ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің жанынан Жезқазған индустриалды-гуманитарлық колледжі құрылды. Колледждің директоры болып т.ғ.к., доцент М.К.Тілеужанова тағайындалды. • 28 қазанда Елбасы Н.Назарбаев жұмыс сапарымен Жезқазғанда болды. «Қазақмыс» корпорациясының бала-жасөспірімдер спорт мектебімен танысып, Жезқазған бығу фабрикасындағы ксаноногенат өндіретін цехты аралады. • Белгілі жазушы, драматург, журналист Аппаз Қаражігітов «Мәдениет қайраткері» Құрмет белгісімен марапатталды. • Медицина қызметкерлері күні қарсаңында денсаулық сақтау саласының үздігі, жоғары категориялы хирург, Жезқазған аймағындағы денсаулық саласын дамытуға өзіндік үлес қосқан абзал азамат Мырзахмет Рахметовты есте қалдыру мақсатында ол кісі тұрған Сәтбаев көшесіндегі 19 үйге ескерткіш такта қойылды. • Бейбітшілік даңғылы бойындағы «Нұр» сауда үйінің тұсаукесер рәсімі өтті. **Жезқазған қаласының мемлекеттік архиві**

КІТАПХАНА ХАБАРЫ



БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРДЫ

С.Сейфуллин атындағы кітапхананың оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі Әсел Бірлі Қазақстандағы АҚШ Елшілігінің қолдауымен «Kazakhstan AmCorners Network» қоғамдық бірлестігі американдық бұрыштар бағдарламасы негізінде ынтмақтастық аясында республикалық «Кітапханашыларға арналған медиа және ақпараттық сауаттылық» тренерлерді оқыту тренінгін ойдағыдай аяқтап шықты.

соңында барлық қатысушылар медиасауаттылыққа байланысты өздерінің жобаларын қазылардың алдында қорғады. Курстың аяқталу кешінде Америка Құрама Штаттарының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Уильям Мозер сөз сөйлеп, кітапханашылар сертификаттармен марапатталды. Наурыз айының 11 күні «Zoom» платформасында орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің қызметкерлеріне «Медиакеруен» жобасы: медиа ақпараттық сауаттылық негіздеріне арналған семинар-тренинг өтті. Семинар-тренингте медиасауаттылық, әлеуметтік желілердің беретін мүмкіндіктері және олардан келетін қауіп-қатер, фактчекінг ұғымы, сервістермен жұмыс істеу, кітапхананы медиа орталық ретінде таныстыру туралы сөз қозғалды. Сондай-ақ, кітапханашылар «Quizizz.com» және «Kahoot» платформаларында тест орындады.



Шынар ИБРАЕВА, С.Сейфуллин атындағы кітапхананың оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы

ҮЙ ҚАРАНТИНІНДЕГІ АДАМҒА АРНАЛҒАН НҮСҚАУЛЫҚТАР

- үйден шықпаңыз
- түшкіру немесе жөтел кезінде ауызды және мұрынды жабу, вирустың таралуын болдырмау үшін бір рет қолданылатын майлықпен жабу керек. Осыдан кейін қолды сабынмен жуу немесе оларды спирт негізінде жасалған антисептипен өңдеу керек. Үнемі бетке тығыз таңылған медициналық масканы кию және оны әр 2 сағат сайын ауыстыру қажет
- тамақтанар алдында, сондай-ақ дәретханаға барғаннан кейін қолды сабынмен жуу немесе спирт негізіндегі антисептипен өңдеу керек. Қолды сұрту үшін бір рет қолданылатын майлықтарды қолданған дұрыс
- жеке ыдыс-аяқ қолданған жөн
- температура немесе сырқаттану белгілері пайда болған кезде COVID-19 бойынша колл-орталығына жүгіну немесе карантин туралы хабарлап, жүгіну себебін көрсетіп жедел жәрдем шақыру қажет

1 ЖАДЫНАМА Су тасқыны, су жайылу, суға батыру деген не?

СУ ТАСҚЫНЫ Көпшілік аумақтардағы аяқталмайтын су батырылуы немесе ағып кетіуі. Су тасқыны су қорғалымының шегін (немесе суық бағыттарының су деңгейінен) асырап кетіуі немесе жауын-шашын тұсында, желдің әсерінен, сондай-ақ судың тереңдеуі, қаздалып қалған сумен немесе гидротехникалық құрылыстардан бұзылуы немесе жоғары орлаған су тасқындардан суды ағып бастауынан келеді. 6. Жоғалған көп су жыл бойында тымбайтын суға ағып кетеді.

СУ ЖАЙЫЛУ Кардың, мүлдаттардың жылдан еркіне, жұмысқа келіп қалған су деңгейінің өзгеруіне су деңгейінің салмақтары түрде қоса ұяқтау және кезекті емес кетеді. Су жайылу жылдан кез келген мезгілде туындауы мүмкін. Бірінші сөз бірі келетін су жайылуы судың терең құрауы мүмкін.

СУҒА БАТЫРУ Аяқтары су батырып су ағырарымен немесе жер асты суларымен кетеді.

СУ ТАСҚЫНЫ Көнет тұндыру және бірнеше сағаттан бастап 2-3 аптаға созылуы мүмкін.

ҚҰТҚАРУ ҚИМБЕТІН БИРЛІКТЕНІП НОМИР! **112**

СУ ТАСҚЫНЫ КЕЗІНДЕГІ ТҮРҒЫНДАРДЫҢ ІС-ӘРЕКЕТІ БОЙЫНША ЖАДЫНАМА

Қардан және мұздан тазарту бойынша алдын-ала жүргізілген іс-шаралар көктемгі су тасқынының зардаптарын болдырмауға немесе қауіпін азайтуға мүмкіндік береді.

Қауіп-қатерлі кезеңде жіберілетін гидрометеоқызыметінің хабарларын және тиісті ТЖ органдарының ақпараттарын мұқият тыңдау қажет.

Егер сіздің тұрған үйіңізді су басу қауіпі болса, сізге келесі ережелерді ұстану қажет:

- көшелерді, аулаларды, ғимараттардың төбелерін, отуларды, кіру және шығу жерлерін, су құбырларын, су жүретін жерлерді қардан алдын-ала тазарту;
- шұғыл көшетін болған жағдайға, үш тәулікке жететін тамақ және су қорын, тиісті құнды заттарды, жылы киім, дәрі-дәрмектерді дайындап қойыңыз;
- ұдайы дайындықта ақша, құжат, құнды қағаздарды ұстаңыз;
- үйлеріңізді, пәтерлеріңізді қорғау үшін қажетті жұмыстар жүргізу: есіктер мен әйнектерді бекіту, жоғары қабаттарға (шатыр, төбе) үй нәрселерін және бағалы заттарды апарып қою, ауладан шаруашылық құралдарды жинау, мал азығын қауіпсіз орынға жеткізу;
- көшу жеріңізді және қауіпсіз орынды алдын-ала анықтап алыңыз, жүзу құралдарын дайындаңыз;
- үй жануарларын, мүлкіңізді алдын-ала көшіріңіз, өзендердің арнасында үй жануарлардың болмауын қамтамасыз етіңіз;
- Судың аяқ астынан дүркін ағуы болған жағдайда немесе су деңгейі көтеріле бастаса:
 - жылдам кету туралы көршілеріңізге айтыңыз, қажет болса қарттар мен науқастарға көмек көрсетіңіз. Қандай жағдай болмасын, сабыр сақтаңыз, үрейге берілмеңіз, тез және нық әрекет жасаңыз;
 - есіктер мен әйнектерді жабыңыз, электр, газды және пештегі отты сөндіріп кетіңіз;
- үй жануарларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша барлық шараларды қабылдаңыз, қора есіктерін, қақпаларды ашып, малды бос жіберіңіз;
- су өткізбейтін киім киіңіз, өзіңізбен құжаттарыңызды, ақша, бағалы қағаздарды, ішетін су қорын, тамақ, дәрігерлік қобдишасын, ең қажетті заттарыңызды алыңыз да ғимараттан кетіңіз;
- егер үйден өздігінен кете алмаңыз, жедел қызмет телефон нөміріне (112, 101, 102, 103), туысқандардың, жақындардың телефондарына хабарласыңыз. Көмеке келгенге дейін төбеге (үйдің немесе басқа құрылыстардың) көтеріліңіз. Сізді түнгі уақытта құтқарушылар жылдам тауып алу үшін, оларға қолшаммен айқайлап немесе басқа түрдегі белгілер беріңіз;
- суға батқан азық-түліктерді жеменіз, қайнатылған су ғана ішіңіз;
- үйден кетуден бас тартпаңыз! Сіздің үйіңіз ішкі істер органдары мен жергілікті биліктің өкілдерінің қорғауында болады.
- Ата-аналар және оқытушылар!** Балаларды суаттарға жібермеңіз, әсіресе, мұз жүру уақытында, оларға суаттарды ашу кезде мұзда болуы, жарда және шайылған жағалауда болуы қауіпті екенін алдын-ала ескертіңіз. Тұрып жатқан үйіңізге судың келгені туралы дерегін, Жезқазған қаласының әкімдігіне және ТЖБ-ға хабарлаңыз, телефондар: **73-61-35, 76-80-45** немесе **112**.

Әр жағдайда өзіңді сенімді ұстап, үрейге берілмеңіз, тез және нық әрекет жасап, бірінші кезекте балалар мен қарттарға көмек көрсете біліңіз!

Жезқазған қаласының төтенше жағдайлар басқармасы

ХАБАРЛАНДЫРУ



ДАРЫНДЫ БАЛАЛАР МЕКТЕБІНЕ ӨТІНІШ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

2021 жылдың 1 наурызы мен 25 сәуірі аралығында дарынды балаларға арналған Жамбыл, Н.Нұрмақов атындағы, «Дарын», «Мұрагер», «Ақпараттық технологиялар» (Қарағанды қ.), «Зияткер» (Балқаш қ.), «Озат» ақпараттық технологиялар» (Теміртау қ.), «Өр-

кен» (Жезқазған қ.) мамандандырылған мектеп-интернаттарына **5-сыныпқа** өтініштер қабылданды. Онлайн тіркелу <https://qabyldau.darun.kz/> URL сілтемесі арқылы жүргізіледі.

«Білім-инновация» лицей-интернатының **7-сыны-**

бына түсу үшін оқушылардың өтініштері қабылдау 2021 жылдың 1 наурызы мен 25 сәуірі аралығында жүзеге асырылады. Онлайн тіркелу www.bilemtihan.kz сілтемесі арқылы жүргізіледі.

Байланыс телефоны: **8 (7121) 41-22-88**